

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

фольклор – ұлт тарихының бейнелі мәтіні, ал тарихи сана – сол мәтінді оқудың рухани тәсілі ретінде көрінеді.

Фольклор мен тарихи сананы сабақтастыра қарастыру – қазіргі қазақ ғылымының рухани өзегін айқындайтын бағыттардың бірі. Бұл ұстаным С. Қасқабасовтың фольклорды рухани айна ретінде тану дәстүрімен, Ә. Қоңыратбаевтың тарихи-фольклорлық тұтастық идеяларымен үндес. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, Тұрсын Жұртбай фольклорды ұлттың тарихи зердесін жаңғыртудың тетігіне айналдырды. Демек, фольклор – ұлт руханиятының мәңгілік жады, ал тарихи сана – сол жадтың уақытпен жаңғырып, болашаққа бағыт алу қабілеті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. // Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап (жалпы редак. басқарған Қазақ ССР ҒА академигі М.О.Әуезов).- Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1960. – 740 б.
4. Қожакеев Т. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері (Ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 б.
5. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.
6. Жұртбай Т. Барлау. Тамыр. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 524 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

**МРИНТИ 17.71,07**

### **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР ТЕОРИЯСЫ: БАЯНДАУ, СЮЖЕТ ЖӘНЕ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Жанэль ДЖАКАНОВА*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
[zhanel.dzhakanova@icloud.com](mailto:zhanel.dzhakanova@icloud.com)

Ғылыми жетекшісі – PhD, қауым. профессор Г. Сағынадин

**Аңдатпа.** Мақалада фольклордағы жанр теориясын айқындау мәселесі және оның ғылыми зерттелу бағыттары қарастырылады. Жанр ұғымының фольклортану мен әдебиеттанудағы айырмашылықтары талданып, фольклорды тек формалық немесе әдеби категория шеңберінде түсіндірудің шектеулілігі көрсетіледі. Автор фольклор жанрын зерттеудің басты қағидасы оның мәдени-әлеуметтік контекстін, этнографиялық негізін және баяндау тәсілдерін кешенді түрде талдауға бағытталуы тиіс деген қорытынды жасайды.

Фольклор жанрын сюжет пен дәстүр сабақтастығы тұрғысынан қарастыру оның табиғи даму логикасын, тарихи эволюциясын және көркемдік ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** фольклор, жанрлық жүйе, ауыз әдебиеті, фольклортану, ұлттық дүниетаным, сюжет.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Фольклор жанрының теориялық табиғатын айқындау, оны әдеби жанрдан ажырату және академик Сейіт Қасқабасовтың фольклорлық жанрды түсіндірудегі ғылыми ұстанымдарын талдау. Осыған орай, төмендегідей *міндеттер* қойылады:

– Фольклор жанрының теориялық негіздерін айқындау және оның зерттелу тарихына шолу жасау;

– Әдеби және фольклорлық жанр ұғымдарының айырмашылықтарын көрсету;

– В.Я. Пропп пен С.Қасқабасов еңбектеріндегі фольклорлық жанр туралы көзқарастарды салыстыру;

– Фольклор жанрларын талдаудағы этнографиялық және мәдени контексттің маңызын ашу;

– Сюжеттің фольклор жанрын қалыптастырудағы рөлін негіздеу;

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-талдау әдістері қолданылды.

**Зерттеу тарихы.** Қазақ әдебиеті мен мәдениеттану ғылымында фольклор мен ауыз әдебиетінің байланысы әрдайым ерекше назар аударған зерттеу тақырыбы болды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қазақ ауыз әдебиетін жинау және жазбаға түсіру жұмыстары басталды. Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев сынды зерттеушілер фольклор үлгілерін, әсіресе ертегілер, аңыздар, батырлық эпостар мен тұрмыс-салттық мәтіндерді жинап, оларды мазмұны мен түріне қарай топтауға тырысты. Сол кезеңде ауыз әдебиеті мен фольклор арасындағы айырмашылық толық зерттелмеді, зерттеулер көбіне этнографиялық сипатта болды. Кеңестік дәуірдің алғашқы жартысында фольклор мен ауыз әдебиетінің байланысы идеологиялық тұрғыдан қарастырылды. М. Әуезов, С. Сейфуллин, Е. Ысмайылов сынды ғалымдар халық шығармашылығының жанрлық белгілерін зерттей отырып, ауыз әдебиетін халықтың тарихи жадын, тұрмыс-салттарын, дүниетанымын көрсететін маңызды мәдени феномен ретінде сипаттады. Ауыз әдебиеті мен фольклор арасындағы тығыз байланыс халықтық поэзияның, эпикалық дәстүрлердің қалыптасуында айқын көрініс тапты. 1960–1980 жылдарында қазақ фольклортану ғылымы жаңа әдіснамалық деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде жанрлық жүйе, сюжеттік құрылым, типологиялық зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Сейіт Қасқабасов, Б. Уахатов, Т. Сыдықов сынды ғалымдар ауыз әдебиеті мен фольклор арасындағы байланысты жанрлық, құрылымдық және поэтикалық тұрғыдан талдады. Фольклор мен ауыз әдебиеті бір-бірін толықтыратын, бірақ әртүрлі деңгейде дамитын мәдени феномен ретінде қарастырылды. Қазіргі қазақ фольклортанушылары ауыз әдебиеті мен фольклор арасындағы байланысты мәдени, әлеуметтік және рухани контекстте кешенді зерттеуге көңіл бөлуде. Ғалымдар ауыз әдебиетін фольклорлық шығармалардың

негізгі көзі ретінде қарастырып, оның халықтың этикалық және эстетикалық құндылықтарын, дүниетанымын сақтаудағы рөлін зерттейді. Бұл кезеңде жанрлық жүйе мен ауыз әдебиетінің сабақтастығы, сюжеттік типологиясы, поэтикалық дәстүрлердің дамуы ғылыми талдаудың негізгі объектісі болып отыр.

**Кіріспе.** Ғылыми таным тұрғысынан алғанда, рухани мәдениеттің көптеген құбылыстарының мәні мен табиғатын түсінудің кілті фольклордың өзінде жатыр. Себебі фольклор – халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымдық бағдарын, эстетикалық мұраттары мен адамгершілік қағидаттарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күрделі мәдени жүйе. Фольклор тек ауызша туып, ауызша тараған туындылар жиынтығы ғана емес, белгілі бір этностың қоғамдық санасының көрінісі. Фольклорда халықтың әлеуметтік-психологиялық болмысы, тұрмыс-салт дәстүрлері, дүниені қабылдау ерекшелігі бейнеленеді. Этнография, тарих, тіл білімі мен әдебиет тарихы сияқты бірде-бір гуманитарлық ғылым фольклорлық зерттеулерсіз дамымақ емес. Өйткені фольклор — адамзаттың мәдени жадын, тарихи тәжірибесін, рухани және эстетикалық танымын сақтаушы басты арна. Осыған байланысты фольклорды кешенді түрде зерттеу қазіргі гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы ең маңызды әрі өзекті бағыттардың бірі саналады.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін қазақ әдебиеттану ғылымында фольклор термині «ауыз әдебиеті» ұғымымен қатар қолданылып, дербес мазмұны мен ғылыми мәртебесі толық айқындалмаған еді. 1971 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің №27 санында жарық көрген Мырзабек Дүйсеновтің «Фольклор ма, әдебиет пе?» деген мақаласы қазақ фольклортану ғылымында елеулі бетбұрыс жасаған еңбектердің бірі болды [1]. Бұл еңбекте ғалым сол уақытқа дейін ғылыми айналымда кең қолданылып келген «фольклор – ауыз әдебиеті» деген ұғымдық теңестірудің бұрыстығы пайымдалды. Автордың пайымынша, фольклордың ауызша таралуы оны «ауыз әдебиеті» ұғымымен теңестіруге негіз бола алмайды. Ғалым Мырзабек Дүйсеновтің пікірінше, фольклорлық мұраларды «халық шығармасы» деп атау әлдеқайда орынды [2]. Өйткені бұл атау фольклордың басты ерекшелігін — оның халықтың рухани және шығармашылық әлеуетінің жемісі екенін айқындайды. Фольклорды «халық шығармасы» деп тану — оны ұлттық мәдениеттің, тарихи жадының және дүниетанымдық жүйенің тұтас бір көрінісі ретінде бағалау деген сөз. Ғалым Мырзабек Дүйсенов ұсынған «фольклор – халық шығармасы» [1] деген ғылыми анықтама қазақ фольклортану ғылымының методологиялық негізін тереңдетіп, бұл ұғымның ұлттық таным тұрғысынан нақты ғылыми мазмұн алуына жол ашты.

**Талқылануы.** Фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылығын айқындау мәселесі қазақ фольклортану ғылымында маңызды теориялық бағыттардың бірі саналады. Бұның жайы көрнекті фольклортанушы, академик Сейіт Қасқабасовтың еңбектерінде сараланған. Академик Сейіт Асқарұлы фольклордың көркемдік жүйесі, эстетикалық табиғаты және шығармашылық сипаты тұрғысынан жазба әдебиеттен түбегейлі ажыратып көрсетеді [3].

Ғалымның пікірінше, әрбір фольклорлық шығарма – дәстүрге негізделген, халыққа кең тараған, көптеген варианттары бар, ауызша айтылып, ұжымдық шығармашылық нәтижесінде қалыптасқан туынды. Мұнда жеке автор болмайды, ал шығарма мазмұны мен формасы халықтық дәстүр мен поэтикалық қалыптарға сүйенеді. Фольклордың басты ерекшелігі – оның варианттылығы мен импровизацияға икемділігінде. Бұл қасиет фольклорды үнемі жаңарып, дамып отыратын тірі құбылысқа айналдырады. Ал әдебиет туындысы мүлде басқа табиғатқа ие. Онда жеке автордың дара шығармашылық қолтаңбасы, өзіндік стилі мен көркемдік әлемі айқын байқалады. Әдеби шығарма – жазба формада өмір сүретін, құрылымы тұрақты, авторлық идея мен эстетикалық мақсатқа бағынған туынды. Әдеби мәтіннің варианттары болмайды, себебі ол авторлық ерік пен эстетикалық тұтастыққа негізделеді.

Жанр теориясын айқындау мәселесі де осы айырмашылықтармен тығыз байланысты. Фольклордағы жанр мәселесі — қазақ фольклортану ғылымының ең күрделі әрі теориялық тұрғыдан толық айқындалмаған бағыттарының бірі. Әдебиеттану мен өнертану салаларында жанр табиғаты жайында көптеген еңбектер жазылып, онда әртүрлі анықтамалар мен тұжырымдар ұсынылғанымен, фольклорлық жанрға қатысты мәселе әлі де арнайы әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді. Бұл мәселе тек формалық белгілерді саралаумен шектелмейді, қайта фольклордың құрылымдық жүйесін, поэтикалық заңдылықтарын және мәдени-әлеуметтік қызметін тұтастай қамтуды талап етеді. Орыс фольклористикасының көрнекті өкілі В.Я. Пропп өз еңбектерінде фольклорды жеке авторлық шығармашылықтың жемісі емес, ұжымдық көркем ойлаудың және дәстүрлі типтенудің нәтижесі ретінде сипаттайды [4]. Ғалымның пайымдауынша, фольклорда дара стиль мен авторлық ерекшелік емес, халықтық поэтикалық дәстүр мен типтік көркем модельдер басым рөл атқарады. Осы ерекшелік фольклорды әдебиет категорияларымен шектеуге болмайтынын көрсетеді, себебі мұндай тәсіл оның шынайы табиғатын бұрмалайды. В.Я. Пропп фольклор мен әдебиеттің тарихи сабақтастығын жоққа шығармайды, алайда олардың шығармашылық принциптері, құрылымдық заңдылықтары және қоғамдық функциялары тұрғысынан айқын айырмашылығы бар екенін ескертеді. Фольклор — функционалды мәдени феномен, оның өмір сүруі мен дамуы орындау жағдайына, дәстүрлік ортаға және әлеуметтік контекстке тікелей тәуелді. Ал әдебиет — жеке авторлық сана мен эстетикалық интенцияға негізделген жазба жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, фольклор жанрын зерттеу тек мәтіндік талдау шеңберінде емес, оның мәдени, әлеуметтік және ритуалдық контекстін ескере отырып, кешенді түрде жүргізілуі қажет. Жанр — тек формалық жіктелу бірлігі емес, ол фольклордың өмір сүру тәсілін, поэтикалық құрылымын және дүниетанымдық мазмұнын айқындайтын көпқырлы мәдени-танымдық категория. Академик С.Қасқабасовтың пайымдауынша, әдебиеттегі жанр жайындағы анықтамалар мен тұжырымдар негізінен жазба әдебиетке қатысты айтылған. Ал фольклор – жазба әдебиеттен өзгеше, өз заңдылығы бар көркемдік жүйе. Ол да сөз өнеріне жатады, бірақ фольклорды әдеби категориялармен шектеу оның табиғатын бұрмалайды. Сондықтан фольклорлық

жанрларды сипаттауда әдебиеттанудағы ұғымдар мен терминдерді механикалық түрде көшіру қате әдіс болмақ. Ғалымның пікірінше, фольклор жанрларын тану – фольклор табиғатының коллективтік және дәстүрлік сипатын мойындауға негізделуі керек. Жанрды фольклордың ішкі құрылымынан, яғни оның баяндау тәсілінен, сюжеттік өрімінен іздеу қажет. Осы орайда этнографиялық материалдың рөлі ерекше: этнография тек жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана емес, олардың тарихи даму, өзгеру және тұрмыс пен наным-сеніммен байланысын зерделеу үшін де қажет. Себебі фольклорлық жанрлар да, сюжеттер мен мотивтер де халықтың өмір салтымен тығыз байланыста дамиды. Фольклордағы жанрдың табиғаты сюжет арқылы айқындалады. Ғалым С.Қасқабасовтың тұжырымдауынша, фольклорда алдымен сюжет пайда болады, ал сюжет – фольклордың тұрақты әрі тарихи жады сақтаушы элементі. Алғашқыда жеке адамның өмірінен алынған шағын оқиға (меморат) бірте-бірте ауыздан ауызға таралып, тұрақты сюжетке айналады. Уақыт өте келе ол әрленіп, көркемделіп, жаңа элементтермен толықтырылады да, өзге жанрларға көшеді – мысалы, хикая не аңыз түрінде өмір сүреді. Осылайша бір сюжет әр дәуірде, әр орында түрлі әдіспен өріліп, фольклордың ішкі жанрлық жүйесін қалыптастырады. Демек, жанр – фольклор шығармаларындағы сюжеттің баяндалу, бейнелену және өрілу тәсілдерінің жиынтығы. Жанрды осылай ұғыну ғана оның табиғи ерекшелігін, дамудағы динамикасын және дәстүрмен байланысын ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда орыс ғалымы В.Я. Пропптың пікірін толық қолдауға болады. Ол жанрды кең мағынада қарастырғанда, көркемдік құрылымы мен поэтикалық принциптері ортақ шығармалар тобы деп анықтайды. Фольклор сөз өнерінің бір түрі болғандықтан, ең алдымен осы шығармашылықтың өзіндік заңдылықтарын, көркем бейнелеу құралдарын және поэтикалық жүйесін зерттеу қажет. Пропптың пайымдауынша, поэтика – көркем идеяны, сезім мен ойды жеткізуге арналған бейнелеу тәсілдерінің, оқиғалық өрім мен идеялық мазмұнның тұтастығы. Алайда бұл анықтама, негізінен, жазба әдебиетке тән сипаттаманы береді. Ал фольклор жанрларын айқындауда бұдан өзге де маңызды факторлар ескерілуі керек. Солардың бірі – фольклордың элеуметтік-тұрмыстық қызметі және осыдан туындайтын өзіндік белгілер жүйесі. Фольклордың ауызша туып, ауызша таралуы; нұсқаларының көптігі; халық тұрмысымен тығыз байланысы; орындау мәнері мен музыкалық сүйемелі – оның табиғатын даралайтын негізгі көрсеткіштер. Бұл белгілердің әрқайсысы жеке-дара жанрды анықтай алмайды, алайда олардың бірнешеуі тоғыса келе белгілі бір жанрдың ерекшелігін қалыптастырады. Олай болса, әдебиеттегі эпос, драма, лирика сияқты тектердің бар екенін мойындай отырып, фольклор да өз табиғаты мен өмір сүру ортасына, яғни оның орындалу ерекшелігі мен халық арасындағы қызметіне қарай өзіндік тектер мен жанрларға бөлінуі тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда, фольклорлық шығармаларды орындалу формасына қарай шартты түрде үш негізгі текке жіктеуге болады: бірі – қара сөз түрінде айтылатын проза жанрлары, екіншісі – өлең өлшемімен шығарылған поэзиялық туындылар, үшіншісі – сөйлесу, айтысу түрінде орындалатын диалогтық үлгілер. Қазақ фольклорында осы аталған үш тек те толық көрініс тапқан. Егер оларды

жеке көркемдік тектер ретінде қарастырсақ, әрқайсысы өз ішінен бірнеше жанрға тармақталады.

Мысалы, қара сөз түріндегі фольклор құрамына миф, әңгіме, ертегі сияқты прозалық жанрлар енеді. Ал өлең түріндегі фольклор жыр, тақпақ, қара өлең мен мақал-мәтел секілді поэзиялық үлгілерді қамтиды. Сондай-ақ сөйлесу не айтысу сипатындағы шығармалар қатарына айтыс пен шешендік сөздерді жатқызуға болады. Осылайша, фольклор жанрларының жүйесі олардың мазмұндық табиғатына ғана емес, орындалу формасы мен көркемдік құрылымына да тікелей байланысты екені айқындалады [5].

Жанр – тұрақты емес, тарихи дамуға икемді категория. Уақыт өткен сайын оның мазмұндық және құрылымдық сипаты өзгереді, кейбір қосымша белгілер қалыптасады. Алайда бұл белгілер жанрдың негізгі табиғатын түбегейлі өзгертпейді. Сондықтан әр дәуірдің эстетикалық өлшеміне байланысты бір шығарма әр түрлі жанрға жатқызылуы мүмкін. Цветан Тодоров атап өткендей, маңыздысы – жанрдың сыртқы атрибуттары емес, оның құрылымдық өзегін айқындайтын белгілер. Мәселен, көне дәуірде «Одиссея» эпопея ретінде қарастырылса, қазіргі кезеңде оны мифологиялық жыр не эпикалық поэзияның үлгісі ретінде тану басым [6]. Бұл мысал фольклорлық жанрдың табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шындығында, сюжет – мазмұндық өзек, ал жанр – сол мазмұнды көркем пішіндеудің тәсілі мен формасы. Бір сюжет әр тарихи дәуірде, әр көркем дәстүрде, әр поэтикалық жүйеде түрлі жанр түрінде жаңаша сипат алып отырады. Бұл – фольклор мен әдебиеттің өміршеңдігінің, олардың үнемі жаңарып, дамып отыратын динамикалық табиғатының айғағы.

**Қорытынды.** Қазақ фольклоры мен оның жанрлық жүйесін зерттеу – ұлттық рухани мұрамыздың мәнін, поэтикалық табиғатын, тарихи-мәдени болмысын терең түсінудің кілті. Фольклор – халықтың тарихи жады мен көркем ойлау жүйесінің көрінісі, ол арқылы ұлттың дүниетанымы, этикалық және эстетикалық ұстанымдары ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан фольклорды тек «ауыз әдебиеті» шеңберінде қарастыру оның шынайы табиғатын тарылтады. Жанрлардың табиғатын анықтау арқылы біз фольклордың өзіндік көркемдік жүйесін, баяндау тәсілдерін және дәстүр жалғастығын түсінеміз. Осы тұрғыдан келгенде, фольклортану ғылымының басты міндеті – халық шығармашылығының ішкі заңдылықтарын ашу, жанрлардың даму эволюциясын, олардың өміршеңдігін айқындау. Демек, фольклор жанрларын зерттеу – тек өткеннің мұрасын танып білу емес, сонымен қатар халықтың рухани болмысын, ұлттық мәдениеттің генетикалық кодын танудың да жолы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсенов М. Фольклор ма, әдебиет пе? // Қазақ әдебиеті, 1971. 2 шілде.
2. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1962. – 209 б.
3. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
4. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. М., 1976. С. 20.
5. Қасқабасов С. Жаназық: әр жылғы зерттеулер / С. Қасқабасов ... – Астана: Аударма, 2002. - 584 б.

## **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ХИКАЯНЫҢ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (қазіргі шағын проза негізінде)**

**Жасмин АЙТУАРОВА**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан (E-mail: [jasminaaituarova@gmail.com](mailto:jasminaaituarova@gmail.com))

Ғылыми жетекші: Қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Phd Г. Сағынадин

**Аңдатпа:** Ұсынылған ғылыми жұмыста әдеби-фольклорлық интеграцияның сипатын ашу көзделді. Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгерұлы, М. Мағауин, Т. Әсемқұлов, Қ. Мұбарак және М. Омарова сияқты жазушылардың әңгімелері негізінде жазба әдебиеттегі фольклорлық хикаяның көрінісі талданды. Хикая жанрының мифтік негізі, демонологиялық кейіпкерлер болмысын ашудағы сюжеттік баяндау тәсілі бүгінгі қазақ әдебиетінде жалғасын табуы жұмыстың мазмұнын құрады. Мифтік ойлаудың көркем ойлауға ұласып, фольклорлық дәстүрдің әдеби туындыдағы сюжеттің құрылымның генезистік бастауы болып, поэтикалық қуатын күшейтудегі рөлін көрсету, талдау және тұжырымдау – зерттеу ісінің негізі мақсат-міндеттерін қамтыды.

**Түйін сөздер:** фольклор, хикая, шағын проза, мифологиялық кейіпкер, интерпретация, мотив.

**Annotation:** The presented research aims to reveal the nature of literary and folkloric integration. Based on the short stories of writers such as Zh. Aimauytov, K. Kemengeruly, M. Magauin, T. Asemkulov, K. Mubarak, and M. Omarova, the study analyzes the manifestation of the folkloric legend in written literature. The content of the work focuses on how the mythological foundation of the legend genre and the narrative techniques used to reveal the nature of demonological characters continue in contemporary Kazakh literature. Demonstrating, analyzing, and summarizing how mythological thinking transforms into artistic thinking, how the folkloric tradition serves as the genetic basis for the structure of the plot in literary works, and how it enhances poetic expression constitute the main goals and objectives of the research.

Фольклор – ел тарихының ең мазмұнды бөлігі. Мұнда ұлттық идеяның элементтері, тарихи байлық пен рухани ой көрініс тапқан. Бұл халықтың қоршаған ортаға, қоғамға, әлеуметтік жағдайға қатысты ой-пікірін білдіретін эстетикалық өлшем, тарихымыздың ажырамас бөлшегі деп атай аламыз. Қазақ философиясының негізгі тірегі – фольклор. Оның қайнар көзі, бастау бұлағы – батырлар жыры, миф, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары. Ықылым заманда ата-бабаларымыз қоршаған ортадағы құбылыстарды ұғынып, оларды түсіну үшін тылсым дүниенің сырын ашуға ұмтылатын. Бұл дүниетанымның барлығы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, бүгін бізге жетіп отыр. Ұзақ уақыт бойы фольклорлық мұра әдебиетке тән талаптар мен қағидаларға негізделіп, сол межемен бағаланып келді. Тек 1971 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде М. Дүйсеновтың «Фольклор ма, әдебиет пе» деген мақаласында фольклор мен әдебиеттің жігі ажыратылып, екі бөлек ұғым екені айқындалды. Б. Абылқасымов